

27 қараша,
Жұма,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

1 ЖЕЛТОҚСАН ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



1 ЖЕЛТОҚСАН ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

Ардақты ағайын! Қадірлі ойылдықтар!

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – барша отандастарымызды ынтымақ пен бірлікке бастайтын ерекше күн. Тәуелсіздігіміздің негізін қалаушы – еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жан-жақты сараланған ішкі және сыртқы саясатының арқасында еліміз дамудың даңғыл жолымен келеді. Қазақ «Тарихты тұлғалар жасайды» деген сөз бар. Әр ұлттың өзіндік тарихын қалыптастырған ұлы тұлғалар болады. Олар қаншама уақыт өтсе, сол ұлттың данасы ретінде санаға бекіп, адамзаттың ортақ азаматына айналады. Қазақ тарихында Әз Жәнібек пен Керей, Қасым мен Абылай, Хақназар мен Кенесары сынды халқың ақылмен, парасатпен басқарған хандар болған. Солардың сара жолымен, сындарлы саясатымен егеменді елімізді дамудың даңғылына салған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орны ерекше. Елбасы есімі Егемендік, Тәуелсіздік, Қазақстан, Отан, Бірлік сияқты ұғымдармен қатар айтылады. Елбасы – татулығымыздың, береке-бірлігіміздің, тұрақтылығымыздың бастауы. Тұңғыш Президентіңіздің еңбек жолы – жас қазақстандықтар үшін үлгі мен тағылымның мектебі. Бұл ретте, егемен Қазақстанның негізін салудың және нығайтудың тарихи миссиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Елі сүйген Елбасы барша қазақстандық азамат мойындаған және халықаралық қоғамдастық тарапынан зор құрметке ие болған көмеңгер тұлға.

Қадірлі жерлестер!

1 желтоқсан – біздің тарихымыздың жаңа ақ парағы ашылған күн. Тәуелсіздікті тұғырына қондырған, елді ерлікке жеткізген Ұлт Көшбасшысы 1 желтоқсанда ел тізгінін ұстады. Осы күні президенттік институтқа қадам бастық. Тұңғыш Президенттің бастамаларына қолдау жасай отырып, еліміз көп биікті бағындырды. Мемлекетіміздің өлем елдері арасындағы абыройы уақыт санап артып келеді. Мұның барлығы да тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы Тұңғыш Президентіміз – Елбасының еселі еңбегінің, көрген жасампаздығының жемісі.

Еліміз үшін тарихи маңызы биік мерекені қазіргі әлемді алаңдатқан кеселдің кесірінен қойылған шектеулерге қарамастан біздің ауданымыз зор табыстармен қарсы алып отыр. Оған экономикалық барлық саласындағы көрсеткіштердің өсімі куә. Оның сыртында мемлекеттік бағдарламалардың арқасында төрт ауылға ауыз су құбыры жүргізілсе, Ойылдың бірнеше көшесіне асфальт төселді. Ел халқының бірлігі мен берекесін бекемдеп, мемлекеттің мерейін асыратын мереке күні Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға ырыс-несібе, шаңырақтарыңызға шаттық тілейміні Тұңғыш Президент күні мерекесі құтты болсын!

Еліміз, Елбасымыз аман болсын!

Құрметпен Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

Газетіміздің келесі саны.

4 желтоқсан жұма күні жарыққа шығады

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚР КОНСТИТУЦИАЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАНТАРЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН САЙЛАУА БАЙЛАНЫСТЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРАЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ДПУАТТАРЫНА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕНҒЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТТАР ДПУАТТАРЫ ҚАНДИДАТТАРЫНА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ, ЖӘНЕ ТӨРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру ақ-қара түсті орындауда 1 шаршы см құны – 100 теңге.
2. Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру түрлі- түсті орындауда 1 шаршы см құны – 150 теңге.
3. Сайлауалды үгіт материалдарын басылым сайтына орналастыру құны – 100 теңге.
4. Қазақстан Республикасы Праламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттың ұсынылатын мәтіндік, фото, т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (өр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығын кандидаттың сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымындағы жарияланымнан алынып тасталады.
5. Сайлауалды үгіт материалдарын бетке орналастыру (беру тәсілі) редакцияның қарауы бойынша жүргізіледі.
6. Сайлауалды үгіт материалдарын берудің соңғы мерзімі 2021 жылдың 5 қаңтары күні жергілікті уақытпен сағат 12.00-ге дейін деп белгіленеді.
7. Мақет жасау мен баспа орнын ұсыну үшін 100 пайыздық алдын-ала төлем жасалады.
8. Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру «Сайлау-2021» белгісімен (бұл белгі жарнамаланатын материалдың кеңістігіне орналасуы тиіс) қоса ұсынылады. Сайлауалды үгіт материалы оны қаржыландыру көзі туралы ақпаратпен қоса беріледі.
9. Форс-мажорлық жағдайлар Қазақстан Республикасының жалпы белгіленген қолданыстағы заңдарымен анықталады.

P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.

АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТПЕН ЗЕЙНЕТКЕ...

КӨП ЖЫЛДАР БОЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЕҢБЕК ЕТІП, ӨЗІНІҢ БАР БІЛІМІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІН ҚЫЗМЕТІНЕ АРНАП, КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ҮЙРЕТУДЕГІ АҒА БУЫННЫҢ ЕҢБЕГІ ӘРҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ. ОСЫНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАС МАМАНЫ БЕРІК БЕГІМАНҰЛЫ ОРАЗБАЕВ БҮГІНГІ КҮНІ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСҚА ЖЕТПІ ОТЫР.



Еңбек жолын Ойыл ауданы, «Жекеңді» совхозының еңбеккері тәуелсіздік мерекесіне арнап, Сербие ауылдық округінің маманы қызметінен округ өкімі лауазымына дейін жоғарылатылып, кейіннен білікті маман ретінде жалғастырды.

Қызмет жасаған жылдар ішінде ауылдық округтің инфрақұрылымын дамытып, өсіп-өркендеуіне, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартудағы мемлекеттік қызметтегі тыным-

сыз еңбегінің арқасында абыройға бөленген, ауылына сыйлы азамат. Бүгінде зейнеткерлік жасқа толған Б.Бегиманұлы аудан әкімі Асқар Қазыбаев арнаы барып құттықтап, алғыс хат табыстады.

С.ШАМАЕВА,
аудан әкімі аппаратының
персоналдық басқару
(кадр қызметі) бөлімінің
жетекші маманы.

СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ – ҚИМАС ШАҚ

АДАМНЫҢ ЕСІНДЕ ЕРЕКШЕ ЕСТЕЛІКТЕРІМЕН ЖАТТАЛЫП ҚАЛАТЫН—СТУДЕНТТІК ШАҚ. ЖАСТЫҚ ЖІГЕРМЕН МОЙЫМАС ҚАЖЫРМЕН АЛҒАН БІЛІМ ТАСҚА ҚАШАЛҒАН ЖАЗУДАЙ. СТУДЕНТТІҢ ӘР КҮНІ МЕЙРАМ, ӘР КҮНІ ҚУАНЫШ. ҚАРЫН АШ БОЛҒАНМЕН КӨҢІЛ ТОҚ КЕЗЕҢ. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘР КҮНІ МЕРЕКЕДЕЙ ӨТСЕ ДЕ, КҮНТІЗБЕДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН КҮН БАР. ОЛ — ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ.



Осы орайда Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұжымы студенттер меркесін аудандағы жастар саясатының дамуына үлес қосып, түрлі шараларда белсенділік танытып жүрген Ойыл аграрлық колледжі студенттерімен өткізді. Мерекенің маңызына сәйкес дарға асылған құттықтап, сый-сияпат көрсетті.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1939 жылы 28 қазан күні фашистер басып алған Чехословакияның студенттері мен ұстаздары Чехословакия мемлекетінің құрылғанына жиырма бір жыл болғанын атап өту үшін шеруге шыққан. Басқыншы бөлімдер шеруді басып тастап, сонымен бірге медицина факультетінің студенті Ян Оплеталды атып тастайды.

1939 жылы 15 қарашадағы Яна Оплеталды жерлеу рәсімі кезінде студенттер қайтадан наразылық танытқан. Шеруге шыққандардың көбі қамауға алынып, 17 қарашада таңер-

тең студенттік жатақханалар қоршауға алынады. 1200-ден астам студент ұсталып, Заксенхаузендегі концлагерьлерге қамалған. Студенттік қозғалыстың тоғыз белсендісі Рузина атты прагалық ауданда түрме қабырғасында сотсыз дарға асылған.

Арада біраз уақыт өткен соң 1946 жылы 17 қарашада Прагада өткен чехиялық студент-патриоттардың құрметіне болған Бүкіләлемдік студенттер конгресінде бұл күн Халықаралық студенттер күні болып белгіленген. Бұл мереке күні бүгінге дейін өз маңызын жойған емес. Алған білім ел болашағының жарқын болуы үшін пайдаланып, өз ісінің нағыз маманы болар жастарымыздың қатары арта түседі деген ойдамыз.

Нұрсұлтан ЖУМИН,
Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.

АУЫЛ – БЕРЕКЕНІҢ ОРДАСЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚ. ДЕГЕНМЕН, БҰРЫНЫРАҚТА ЕЛЕУСІЗДЕУ ҚАЛҒАНЫ РАС. АЛАЙДА, 2012 ЖЫЛДЫҢ 18 ҚАРАШАСЫ КҮНІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨСІМ МЕРЕКЕЛЕР ЖӘНЕ АТАУЛЫ КҮНДЕР ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС ҚАРАША АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ БЕЛГІЛЕНУІ КӨНЕ ДӘСТҮРДІ ЖАҒЫРТУҒА ЖОЛ АШТЫ.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та биылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында ауыл шаруашылығын дамытып, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес екенін атап көрсетті.

Халықтың ел-аухаты мен өнім сапасының жақсы болуы – ауыл шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты. Ол экономикасының өзегін ауыл шаруашылығы құрайтын біздің ауданда да шынайы көрініс беріп отыр. Ауыл шаруашылығының дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы саланың дамуындағы өзгерістерге қол жеткізуге, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз ету қауіпсіздігіне лайықты үлес қосуға өз септігін тигізуде.

Кеше «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында осы айтулы күн аталып өтті. Алдымен аудандағы ауыл шаруашылық саласы бойынша жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар туралы бейнебаянда тамашалаған еңбек мейталмандарын аудан өкімінің орынбасары Асылан Кенжебаев құттықтады.

Көптоғай ауылдық округінің «Саят» шаруа қожалығының басшысы Асхат Әбішқалиев, Қарарай ауылдық округінің «Жиенбек» шаруа қожалығының

басшысы Сансызбай Жұмабаев, Берсиев ауылдық округінің «Бибіпүр» шаруа қожалығының басшысы Сансызбай Молдағұлов, Қарарай ауылдық округінің «Айбол» шаруа қожалығының басшысы Серікбол Жантолы, Қайыңды ауылдық округінің «Шағатай» шаруа қожалығының басшысы Сейсенбай Тілегеновтер «Үздік шаруашылық» номинациялары бойынша марапатталса, Саралжын ауылдық округінің «Тәжібай Агро» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің механизаторы Алмат Дағынов, Ойыл ауылдық округінің «Мұрагер» шаруа қожалығының механизаторы Самат Дауылов, Берсиев ауылдық округінің «Саға» шаруа қожалығының механизаторы Дәурен Хасенов, Көптоғай ауылдық округінің «Сағын» шаруа қожалығының механизаторы Тұрар Сағынов, Сарбие ауылдық округінің «Дербіс» шаруа қожалығының механизаторы Айболат Жаңахметов, Көптоғай ауылдық округінің «Идеят» шаруа қожалығының механизаторы Дәурен Қошқаров,



БАЛЫҚ ӨСІРУ ДЕ КӘСІП КӨЗІ

Балығы тайдай тулаған Ойылдың бүгінгі жайы табиғат жанашырларын ғана емес, бүкіл аудан тұрғындарын алаңдатып отыр. Дегенмен, аудан аумағында өзеннен бөлек суы мол бөгет, тоғандар да бар. Солардың бірі Қайыңды ауылдық округінің аумағында Мұқан бөгеті. Ел осылай атап кеткен тоғанның суы мол. Негізінен қар суымен толығатын тоғанның суы ортайғанымен өлі де айдыны шалқып жатыр. Аумағы 43 гектар тоған осыдан екі жыл бұрын ауданда балық көсіп-шілігін дамыту үшін конкурста шығарылған болатын. Сол жылғы конкурстың жеңімпазы деп жек кесіпкер Болатбек Абдуллин танылған еді. Сол уақыттан бері Мұқан бөгетінде балық өсірумен айналысып келе жатқан кесіпкер жуырда тоғанға Ресейдің Орынбор балық шаруашылығынан әкелген 6500 сазанның шабағын жіберді. Өткен жылы 10 мың шабақ жіберіп еді.



Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2021 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

| Индекс | Жазылушылар саны | 6 ай |
|--------|--|---------|
| 65525 | Жеке тұлғаларға | 2834,86 |
| 66525 | Заңды тұлғаларға | 4514,86 |
| 67525 | Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге) | 2354,86 |

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

БҮГІНГІ БЕЛЕС – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІ

ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІҢ НЫҚ, ТӨУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІК БОЛУЫ ЖОЛЫНДА ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ РӨЛІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЗОР. ШИРЕК ҒАСЫР ІШІНДЕ КЕРЕГЕМІЗ КЕҢ, ТЕРЕЗЕМІЗ ТЕҢ ЕЛГЕ АЙНАЛУЫМЫЗ ДА ОНЫҢ САРАБДАЛ САЯСАТЫНЫҢ АРҚАСЫНДА. ҚАНШАМА ЖЫЛ ҚЫЛЫШЫНАН ҚАН ТАМҒАН КЕҢЕС ДӘУІРІНЕН БОСАП ШЫҚҚАН ЕЛІМІЗДІҢ КӨРКЕОІ ЖОЛЫНДА ЕРЕН ЕҢБЕК ЕТКЕН Н.Ә.НАЗАРБАЕВ - ЕҢ ҮЗДІК БАСШЫЛАРДЫҢ БІРІ. ӨЗ БАСЫМ, ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІ ЕЛІНЕ ДЕГЕН МАХАББАТЫ ШЕКСІЗ КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА ЕКЕНДІГІН АЙТҚЫМ КЕЛЕДІ. НЕЛІКТЕН?



Өйткені, біріншіден, Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ десек, Елбасы Н.Ә. Назарбаев бүкіл саналы ғұмырында Қазақстан халқының бақытты өмірі, баянды болашағы үшін бар қажыр-қайратымен еңбек етті. Өткенімізді саралай қарасақ, Елбасының сындарлы саясатының арқасында Қазақстан тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, белделді де абыройлы, өлемдік қауымдастық мойындаған, жедел дамудың даңғыл жолына түскен елдердің қатарына енді.

Екіншіден, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың күнделікті қиындық-қарбаластар арасынан ел тағдыры, мемлекет болашағы үшін аса маңызды, ерекше орны бар мәселе - проблемаларды үнемі есінде ұстап, көзден таса қалдырмай отырғаны ұнайды. Ғылымды бағалаған ғалымды қадірлейді. Президенттік сыйлықтардың қалам қайраткерлеріне берілетіндігі де оның терең ойлы, сапалы шығарма-туындыларды бағалайтынын білдіреді. Өнердің ішінде музыкаға ерекше мән беріп, көңіл аударып отырады. Ендігі біздің дербес елдің де, Елбасының да нысана-межесі - экономика

деңгейі. Иә, бүгінгі екі ғасыр аралығында тұрған сәтте өткенді талдап, саралап, болашаққа сөз саламыз. Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше кітаптарының атында «ғасыр» деген сөздің болуы, жолдау-бағдарламасының «2030» деп аталуы Елбасының болашаққа көз тігетінін, елі үшін үлкен жақсылық күтетінін білдіреді. Сол үміт, сол арман - ерқайсымыздың да арманымыз. Өміріміздің мөңгі заңы - үнемі үздіксіз өзгеру, жаңару, жақсару, дүние тегершігі алға қарай айналады, көлеңкеден сәулеге, аласадан биікке ұмтылады. Бүгінде Қазақстан дамыған экономикалы, аяғына нық тұрып, жарқын болашақты, Нұр-Сұлтандай бас қаласы гүлденген мемлекет.

Түптеп айтқанда, төуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған Қазақстан кемесі өлем мұхитында еркін өрі сенімді жүзіп келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті жер-жаһандағы барлық елдермен терезесі тең қарым-қатынас жасап, бейбітшілік пен татулықтың бесігіне айналған ел ретінде танылып отыр. Ал бұл бірлік пен берекесі жарасқан елді Елбасының ұйытып отырғаны сөзсіз. Олай болса, мемлекеттің мықты болуына, елдің мерейлі болуына өлшеусіз еңбек сіңіріп келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арманы мен мақсатына арқау болған азат жолымыз, бейбіт күніміз, берекелі өміріміз ұзағынан сүйіндірсін деп тілейік. Елбасымыз айтқандай, баршамыздың күні-түні ойлайтынымыз қазақ елінің төуелсіздігі болсын! Ел де, Елбасы да есен-аман болғай!

Бекзат СИСЕНОВ,
Көсембай негізгі мектебінің
8-сынып оқушысы.

ТАРТУЫ КӨП «ТАҒЗЫМ»

Туып өскен өлкеге еңбегімен елеулі болған азаматтар аз емес, кіндік қаны тамған топырақты қастерлеу қазақ халқының жалғасын тапқан салты. Оқуғ бойынша атқарылған игі шаралардың қатарында «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің 1978 жылғы түлектері 150000 теңгеге мектеп ауласына демалыс орнын, 1998 жылғы түлектері 97000 теңгеге технология кабинетіне стол, орындықтар және 2018 жылғы түлектері құны 29603 теңгенің тир мылтығын алып берді. Сондай-ақ, мектептің 1994 жылғы түлектері 250000 теңгенің музыкалық аппаратурасын алып берсе, 2009 жылғы түлектері 100000 теңгеге түрлі-түсті принтер, 2019 жылғы түлектері 47500 теңгеге 2 дана шкаф және 1979 жылғы түлектері 64000 теңгеге ойын сеткасын, 7 адамға футбол формасын, табло, волейбол добын сыйға тартты. Барлығы демешілік арқылы берілген көмектің көлемі 481500 теңгені құрап отыр.

Сонымен қатар, аталмыш акция аясында ауылдың 1967 жылы туған азаматтары Ш.Берсиев атындағы дерматологиялық амбулаториясының ауласына демалыс орнын жасақтап, 200 000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Берсиев модельді кітапханасының ұжымы кітапханаға 4 терезеге (24000 теңге) жалюзи орнатты. Берсиев ауылдық клубына демешілікпен баннер (20000 теңге), 1985 жылы туған

азаматтар радиомикрофон сыйлады. Қаратал ауылының түлектері, ауыл азаматтары «Қаратал» белгісін тарту етті. Қаратал ауылының кіре берісіне керме орнатылып, ауылдың көркін кіргізуде.

«Балбөбек» бөбекжай-бақшасына 1974 жылы туған азаматтар түрлі-түсті принтер (59000 теңге) сатып алып беріп, демешілік етті.

Акция барысында ауылдық округке қарасты Құмжарған ауылының Соркөл орта мектебінің түлектері мектептің алдына 2 орындық (39000 теңге) жасап, мектеп алдындағы көшеге 375 көлемде 3 саябақ (105000 теңге) жасақтады.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында 1998 жылғы мектеп түлектері Шығанақ Берсиев ауылдық округінің саябағына мектепті бітіргендеріне 20 жыл толуына орай 20 түп қарағай көшеттерін отырғызды. 1982 жылы туған азаматтар пен азаматшалар мектеп бітіргендеріне 20 жыл толуына байланысты туған жерлері Қаратал ауылына стрит воркаут орнатты.

Құмжарған ауылы тұрғындарының ауызбіршілігімен ауылдың кіре берісіне белгі орнатылды. Құмжарған ауылдық клубына 2005 жылғы түлектер су құбырын кіргізуге (15000 теңге), «Руханы жағрыу» стөндің жасатуға (7000 теңге) көмек көрсетті. Құмжарған ауылдық кітапханасына «Сұлтан» шаруа қожалығы 4 кітап стеллажын (60000 теңге) сыйлады.

Сонымен қатар Құмжарған ауылының тұрғындарын мазалап жүрген мәселелерінің бірі «Билайн» ұялы байланыс жүйесі орнатылды. Ауылдық округ бойынша «Nur Otan» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедейсіз келешек», «Жастар-Отанға», «Халыққа көмек» партиялық жобалары іске асуда. Яғни ауылдың мұқтаж азаматтарына азық-түлік пакеттерін тарату, қысы отынмен қамтамасыз ету көмек көрсетілуде. Сондай-ақ, еліміздегі төтенше жағдай кезінде «Біз біргеміз!» республикалық акциясы аясында округ бойынша мұқтаж жан-дарға азық-түліктер және медициналық заттармен көмек беріліп, тегін медициналық бетперделер (маска) таратылды.

Ауыл көшелерінің көріктендіру мақсатында Қаратал, Құмжарған ауылдарының көшелеріне бағана шамдары, оның ішінде күннен қуат алатын жарық шамдары да орнатылды. Округ орталығының кіре берісінен бастап Қаратал ауылында кіндік қаны тамған, еңбегімен еленіп, танымал болған тұлғалардың баннерлері қондырылды. Көше қиылыстарындағы LED-шамдары түнгі уақытта да ауылдың көркін ашып тұр.

Ә.ИЗБАСОВ,
Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЕКСЕРУЛЕРГЕ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУДЫ БАРЫП ЖҮРГІЗУГЕ МОРАТОРИЙ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

ҚР шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде микрокәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 26.12.2019 жылғы №229 Жарлығы шықты. Аталған жарлықтың 1 тармағында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуді тоқтатып делінген. Аталған мараторий төмендегі тексерулерге қолданылмайды:

- 1) халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, зандылық пен қоғамдық тәртіпке ықтимал түрде жаппай қатер, конституциялық құрылысқа және ұлттық қауіпсіздікке тура немесе тікелей қатер төндіретін бұзушылықтарды болдырмауға немесе жоюға бағытталған, сондай-ақ «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша жүргізілетін тексерулер;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, белгіленген талаптарды бұзу фактілерінің туындау себептерін анықтау үшін, бақылау мен қадағалаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты нақты факті бойынша бір жоспардан тыс тексеру жеткіліксіз және осы нақты фактіге байланысты өзге де субъектілерге қатысты бақылау мен қадағалау талап етілетін жағдайларда осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес тексерулер;
- 3) өз қызметіне қатысты кәсіп-

керлік субъектілерінің өтініштері негізінде, оның ішінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат алуға арналған өтініш бойынша ша тексерулер және профилак-тикалық бақылауды барып жүргізу;

4) 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тексерулер;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тапсырмасы бойынша прокуратура органдарының тексерулері;

6) кедендік тексерулер;

7) қарсы салықтық тексерулер;

8) салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуды айқындау, салық органдарында тіркеу есебіне қою, касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата түру туралы салық органы шығарған өкімдерді орындау мәселелері бойынша тақырыптық салықтық тексерулер;

9) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында өнім қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру үшін өнімді іріктеу және оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жасау мақсатындағы профилактикалық қадағалауды барып жүргізу;

10) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуын тексерулер және профилактикалық бақылауды барып жүргізу;

11) жер қойнауын пайдаланушылар;

АХУАЛ ТҰРАҚТЫ, АЛАЙДА БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ!

РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ БАСҚА АЙМАҚТАРЫНДА АУРУ ЖУҚТЫРУ ӨРШІП БАРА ЖАТҚАНЫ БАЙҚАЛЫП ЖАТЫР. КЕЙІР ОБЛЫСТАРДЫҢ КІРЕБЕРІС ЖОЛДАРЫНА БЛОК-БЕКЕТ ҚОЙЫЛЫП, ҚОЗҒАЛЫС АБЫМЫ БӨСЕҢСІГЕН. КЕЗБЕ ДЕРТ КЕҢІРДІГІМІЗДЕН АЛҒАН КЕЗЕҢДЕ АУЛАҒА ШЫҒЫП АУРУ ЖУҚТЫРҒАННАН, ОТБАСЫНДА ОТЫРЫП САҚТАНУДЫҢ АБЗАЛ ЕКЕНІН ТҮСІНЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН СИЯҚТЫ.

Бірақ қоғамдық орындарға барса да, көшеге шықса да бетперде тағуға бейжай қарайтындардың саны азаяр емес. Кейбір аудан тұрғындары, жеке кәсіпкерлер шектеу шараларын елемей санитарлық талаптарды сақтамауды жалғастыруда. Осыған орай, ауданда құрылған мобильдік топ мүшелерімен карантин талаптарын бұзған 22 жеке тұлғаға өкімшілік іс қозғап, нәтижесінде 916740 теңгеге айыппұл салынып, өндірілді.

Жалпы алғанда, облыс бойынша коронавирус ауруын жұқтырудың 3438 жағдайы тіркелген, осы ауырғандардың 49 пайызы симптомды, 51 пайызы симптомсыз белгілерімен ауырған. Жалпы, қауіпті індет Ақтөбе қаласы, Қарғалы, Мәртеқ, Шалқар, Хромтау аудандарының тұрғындарынан анықталған. Індет жұқтырғандар өртүрлі жастағы азаматтар. Қазіргі таңда үй карантиніне 378 адам алынып, оларға медициналық бақылау жүргізілуде.

Қазіргідей күрделі кезеңде қауіпсіздік шараларын сақтауды әуелі өзімізден бастағаны дұрыс. Аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары тұрғындарды қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырады. Қоғамдық орындарда бетперде киіп, өлеуметтік арақатынасты сақтап, антисептикалық сұйықтықтарды пайдаланған жөн. Мүмкінді болса, адамдар жиі шоғырланатын жерге бармаған дұрыс. Той және өзге де отбасылық мерекелерді шектеу керек. Санитарлық талаптарды қатаң сақтау арқылы індеттің алдын-алуға болатынын ескертеміз!

Ғ.ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

САҰЛАУ-2021

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау
2021 жылғы 10 қаңтар

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының партиялық тізімін тіркеу туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап: Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 24 қарашада «Nur Otan» партиясының 22 адамнан тұратын партиялық тізімі төмендегі құрамда тіркелгенін хабарлайды:

| p/c № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) | Туған жылы | Атқаратын лауазымы (кәсібі) жұмыс және тұрғылықты жері |
|-------|---|------------|--|
| 1 | Ақбисенова Алтынзәр Забиоллақызы | 1987 | Саға мектеп балабақшасының мұғалімі, Ойыл ауданы Ақжар ауылы |
| 2 | Ақедіпов Әркен Қанатұлы | 1991 | «Мұрагер» шаруа қожалығының төрағасы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 3 | Алипова Нұргүл Саденқызы | 1980 | «Алипова» жеке кәсіпкер, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 4 | Асылбеков Айбек Базылұлы | 1970 | Ойыл аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 5 | Бақтығалиева Айнұр Қайсарқызы | 1981 | «Life4Job»ЖШС директорының орынбасары, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 6 | Берғалиев Исатай Шаймерденұлы | 1977 | «Жастық» шаруа қожалығының төрағасы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 7 | Берекенов Берік Жексенбайұлы | 1980 | «Берекенов» жеке кәсіпкер, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 8 | Бисекенова Гүлнара Берікқызы | 1985 | «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының көркемдік жетекшісі, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 9 | Дәулетқалиев Нұрсұлтан Құнанбайұлы | 1994 | Ойыл қазақ орта мектебі мұғалімі, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 10 | Есқалиева Бақыт Мұбаракқызы | 1967 | Қаракемер негізгі мектебінің директоры, Ойыл ауданы Қаракемер ауылы |
| 11 | Жайлыбаев Мінсізбай Сайынұлы | 1961 | Ақшатау орта мектебінің мұғалімі, Ойыл ауданы Ақшатау ауылы |
| 12 | Жақып Жұмабай Жарылғасынұлы | 1968 | «Жақып» шаруа қожалығының төрағасы, Ойыл ауданы Сарбие ауылы |
| 13 | Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы | 1973 | Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 14 | Займолдин Сәкен Ғазизұлы | 1974 | «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 15 | Қарасаев Бекжан Қарімұлы | 1975 | Ақшатау орта мектебінің директоры, Ойыл ауданы Ақшатау ауылы |
| 16 | Құлмұханов Медет Ернияұлы | 1990 | Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің қор сақтаушысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 17 | Майқанов Абзал Сансызбайұлы | 1991 | Қарай мектеп балабақшасының директоры, Ойыл ауданы Қарай ауылы |
| 18 | Нұрбаев Сәндібек Мұхамбетжанұлы | 1973 | Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 19 | Нұржанов Сансызбай Құмарұлы | 1990 | Ойыл аудандық мәдениет үйінің директоры, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |
| 20 | Омарова Мейрамғұл Бақтығалиқызы | 1974 | «Айгөлек» бөбек-бақшасының меңгерушісі, Ойыл ауданы Көптоғай ауылы |
| 21 | Оразғалиев Қайрат Әбдікерұлы | 1968 | «Тендік» шаруа қожалығының төрағасы, Ойыл ауданы Қарай ауылы |
| 22 | Табынбаева Айдана Төрмұратқызы | 1990 | Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі, Ойыл ауданы Ойыл ауылы |

Сайлау комиссиясының төрағасы:
Сайлау комиссиясының хатшысы:

Б.Т.Бисекенов
Б.Бақтыгереев

1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шараның атауы | Өтетін мерзімі | Өтетін орны |
|----|--|------------------------------------|---------------------------------------|
| 1. | «Төуелсіздіктің Жеті қыры» деректі фильмінің көрсетілімі | 20 қараша – 1 желтоқсан аралығында | онлайн, Барлық білім беру ұйымдарында |
| 2. | «Болашақты болжаған кемел еңбек» атты тақырыптық көрме | 30 қараша сағат 9.00 – 18.00 дейін | Онлайн, muzei_uil |
| 3. | «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» атты онлайн вертуальды кітап көрмесі | 30 қараша сағат 10.00 | Онлайн, oiyl_madeniet |
| 4. | «Елбасы. Ел сенімі. Ел бірлігі» тақырыбында онлайн мәдени шара | 30 қараша сағат 11.00 | Онлайн, muzei_uil |
| 5. | «Тұңғыш Елбасы» атты онлайн шара | 30 қараша сағат 11.00 | Онлайн, oiyl_madeniet |
| 6. | «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Ойыл аудандық аурухана ұжымының демешілігімен салынған «Денсаулық аллесаының» ашылу салтанаты | 30 қараша сағат 11.30 | Офлайн, oiyl_akimat |
| 7. | Аудан өкімінің қатысуымен «Елбасы – ел ертеңі» атты салтанатты мәдени көпшілік шара | 30 қараша сағат 16.00 | Офлайн, oiyl_akimat oiyl_madeniet |
| 8. | Жастар арасында «Ел үшін туған Ер тұлға» атты интернет акциясы (арнау өлеңдер жастардың өз шығармашылығы) | 20 қараша – 1 желтоқсан аралығында | онлайн uil_zhastary |
| 9. | Жалғыз басты қарттарға көмек көрсету мақсатында жастардың ұйымдастыруымен «Қамқор» акциясы | 1 желтоқсан сағат 15.00 | офлайн uil_zhastary |

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ЖЫЛЫТУ ПЕШТЕРІН, ЖЫЛЫТҚЫШ АСПАПТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ауа-райының салқын-дауына байланысты қатты отынмен және газбен жылытылатын пештерді басқа материалдан жасалған еденде бұзылуы, сонымен қатар тұрмыстық электр жылытқыш аспаптарды (электрлік жылтықштар, майлы радиаторлар және т.б.) қолдануды ережелерінің сақталмауына байланысты өрттердің саны артуы мүмкін. Осындай өрттердің алдын-алу мақсатында жылыту пештері мен электржылтықш аспаптарды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз.

Жылыту маусымы алдында үйлердегі пештер тексеріліп, жөндеулі тиіс. Өртке қарсы бөлімдер мен шегінестер зақымдалмауы керек, ал от жағатын тесігінің қасындағы ағаш немесе басқа материалдан жасалған еденде көлемі 0,5 және 0,7 метр өртке қарсы қаңылтыр теселуі тиіс. Жыл сайын жылыту маусымы басталар кезде, сонымен қатар маусым ішіндегі 3 айда кемінде 1 рет түптіңдік пен от жағылатын пештерді күлден тазарту қажет. Өрт туындау қаупін болдырмайтын жылу қорғау құрылысымен (термо-реттеміш) жабдықталмаған, жанбайтын, жылу оқшаулаушы материалдан жасалған тұғырсыз электр үтіктері, электр плиткаларын және басқа да

электр жылытқыш құралдарын қолдануға тыйым салынады. Термо-реттегіштермен және жылу қорғау құрылысымен жабдықталған электр майлы радиаторлар бөлмелерді жылыту үшін өрт қауіпсіз аспап болып есептелетін. Сонымен қатар, бөлмелерде электр жылытқыштарды орналастырған кезде қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Сонымен қатар электр жылытқыш аспаптарды қолдану жөніндегі зауыттың нұсқаулықтары талаптарын сақтау қажет. Барлық азаматтардан қырағылқ танытып, мұқият болуға шақырамыз! Өрт қауіпсіздігі ережелерін ұмытпаңыздар және сақтаңыздар!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Ойыл ауданы мен ауылдық елді мекендерінің жерлерінде сату және салық салу мақсатында жерді аймақтарға бөлу жобаларын (схемаларын) және бағалау аймақтарының шекаралары мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 6 бабын, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 8, 11 баптарына сәйкес Ойыл аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**


- Ойыл ауданы мен ауылдық елді мекендерінің жерлерінде сату және салық салу мақсатында жерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) және бағалау аймақтарының шекаралары мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері, осы шешімнің №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
- «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
 - осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
 - Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Б.Е.Жұмырбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы Е.Ж.Жиеналин

2020 жылдың ___ қарашадағы № ___
Ойыл аудандық мәслихаттың шешіміне 1-қосымша

Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округінің жер телімдеріне төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттерін және бағалау аймақтарының шекараларын схемасы



Ақжар ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,55/ 1,5
- II - / 1,3

Көсембай ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін


- I - 1,4/ 1,4
- II - / 1,2

Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі шекарасындағы Ақжар ауылы және Көсембай ауылы елді мекендерінің жерлеріне бағалау аймақтарының шекаралары мен жер учаскелерінің базалық ставкасына түзету коэффициенттері

| Есептік кварталдаркоды | Аймақ № | Бағалау аймақтарының шекаралары | Аймақ ауданы, га | коэффициенттер | |
|------------------------|---------|---|------------------|----------------|-----------------|
| | | | | сату үшін | салық салу үшін |
| 02-032-008 | I | Ақжар ауылы | 136 | 1,55 | 1,5 |
| 02-032-008 | II | Ақжар ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 27278 | - | 1,3 |
| 02-032-008 | I | Көсембай ауылы | 62 | 1,4 | 1,4 |
| 02-032-008 | II | Көсембай ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 10235 | - | 1,2 |

2020 жылдың ___ қарашадағы № ___
Ойыл аудандық мәслихаттың шешіміне 2-қосымша

Ойыл ауданының Қараой ауылдық округінің жер телімдеріне төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттерін және бағалау аймақтарының шекараларын схемасы



**РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Об утверждении проектов (схем) зонирования земель и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки и границы оценочных зон для целей продажи и налогообложения в землях Уилского района и сельских населенных пунктах

В соответствии со статьей 6 Закона республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьями 8,11 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**


- Утвердить проекты (схемы) зонирования земель и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки и границы оценочных зон для целей продажи и налогообложения в землях Уилского района и сельских населенных пунктах, согласно приложениям №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 к настоящему решению.
- Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:
 - государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области;
 - размещение настоящего решения на интернет-ресурсе Уилского районного маслихата после его официального опубликования.
 - Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2021 года.

Председатель сессии районного маслихата Б.Е.Жұмырбаев

Секретарь районного маслихата Е.Ж.Жиеналин

Приложение 1 к решению Уилского районного маслихата от ___ 2020 года № ___

Схема границ оценочных зон и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки Кайыңдынского сельского округа Уилского района



Поправочные коэффициенты села Ақжар: для продажи /для налогообложения

- I - 1,55/ 1,5
- II - / 1,3

Поправочные коэффициенты села Көсембай: для продажи /для налогообложения


- I - 1,4/ 1,4
- II - / 1,2

Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки для целей продажи и налогообложения и границы оценочных зон на землях населенных пунктов села Ақжар и села Көсембай в границах Кайыңдынского сельского округа Уилского района

| Кодучетного квартала | Незоны | Границы оценочных зон | Площадь, га | коэффициенты | |
|----------------------|--------|--|-------------|--------------|---------------------|
| | | | | для продажи | для налогообложения |
| 02-032-008 | I | село Ақжар | 136 | 1,55 | 1,5 |
| 02-032-008 | II | земли сельскохозяйственного назначения села Ақжар | 27278 | - | 1,3 |
| 02-032-008 | I | село Көсембай | 62 | 1,4 | 1,4 |
| 02-032-008 | II | земли сельскохозяйственного назначения села Көсембай | 10235 | - | 1,2 |

Приложение 2 к решению Уилского районного маслихата от ___ 2020 года № ___

Схема границ оценочных зон и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки Қараойского сельского округа Уилского района



Қараой ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,55/ 1,5
- II - / 1,3

Құбасай ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін


- I - 1,2/ 1,2
- II - / 1,1

Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі шекарасындағы Қараой ауылы және Құбасай ауылының елді мекендерінің жерлеріне бағалау аймақтарының шекаралары мен жер учаскелерінің базалық ставкасына түзету коэффициенттері:

| Есептік кварталдаркоды | Аймақ № | Бағалау аймақтарының шекаралары | Аймақ ауданы, га | коэффициенттер | |
|------------------------|---------|--|------------------|----------------|-----------------|
| | | | | сату үшін | салық салу үшін |
| 02-032-005 | I | Қараой ауылы | 125 | 1,5 | 1,5 |
| 02-032-005 | II | Қараой ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 15924 | - | 1,3 |
| 02-032-005 | I | Құбасай ауылы | 76 | 1,2 | 1,2 |
| 02-032-005 | II | Құбасай ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 17521 | - | 1,1 |

2020 жылдың ___ қарашадағы № ___ Ойыл аудандық мәслихаттың шешіміне 3-қосымша

Ойыл ауданының Көптоғай ауылдық округінің жер телімдеріне төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттерін және бағалау аймақтарының шекараларын схемасы



Көптоғай ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,5/ 1,5
- II - / 1,5

Амангелді ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,4/ 1,4

Қарасу ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,3/ 1,3

Шұбарши ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,3/ 1,3

Амангелді ауылы, Шұбарши ауылы және Қарасу ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін


- I - / 1,2

Ойыл ауданының Көптоғай ауылдық округ шекарасындағы Көптоғай ауылы, Амангелді ауылы, Қарасу ауылы және Шұбарши ауылының елді мекендерінің жерлеріне бағалау аймақтарының шекаралары мен жер учаскелерінің базалық ставкасына түзету коэффициенттері:

| Есептік кварталдаркоды | Аймақ № | Бағалау аймақтарының шекаралары | Аймақ ауданы, га | коэффициенттер | |
|------------------------|---------|--|------------------|----------------|-----------------|
| | | | | сату үшін | салық салу үшін |
| 02-032-015 | I | Көптоғай ауылы | 186 | 1,5 | 1,5 |
| 02-032-015 | II | Көптоғай ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 13751 | - | 1,5 |
| 02-032-015 | I | Амангелді ауылы | 70 | 1,4 | 1,4 |
| 02-032-015 | I | Қарасу ауылы | 76 | 1,3 | 1,3 |
| 02-032-015 | I | Шұбарши ауылы | 113 | 1,3 | 1,3 |
| 02-032-015 | II | Амангелді ауылы, Шұбарши ауылы, Қарасу ауылы және Атырау облысының шекарасындағы Көптоғай ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 71956 | - | 1,2 |

2020 жылдың ___ қарашадағы № ___ Ойыл аудандық мәслихаттың шешіміне 4-қосымша

Ойыл ауданының Ойыл ауылдық округінің жер телімдеріне төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттерін және бағалау аймақтарының шекараларын схемасы



Поправочные коэффициенты села Караой: для продажи /для налогообложения

- I - 1,55/ 1,5
- II - / 1,3

Поправочные коэффициенты села Кубасай: для продажи /для налогообложения


- I - 1,2/ 1,2
- II - / 1,1

Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки для целей продажи и налогообложения и границы оценочных зон на землях населенных пунктов села Караой и села Кубасай в границах Караойского сельского округа Уилского района

| Код учетного квартала | Незоны | Границы оценочных зон | Площадь, га | коэффициенты | |
|-----------------------|--------|---|-------------|--------------|---------------------|
| | | | | для продажи | для налогообложения |
| 02-032-005 | I | с. Караой | 125 | 1,5 | 1,5 |
| 02-032-005 | II | Земли сельскохозяйственного назначения с. Караой | 15924 | - | 1,3 |
| 02-032-005 | I | с. Кубасай | 76 | 1,2 | 1,2 |
| 02-032-005 | II | Земли сельскохозяйственного назначения с. Кубасай | 17521 | - | 1,1 |

Приложение 3 к решению Уилского районного маслихата от ___ 2020 года № ___

Схема границ оценочных зон и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки Коптогайского сельского округа Уилского района



Поправочные коэффициенты села Коптогай: для продажи /для налогообложения

- I - 1,5/ 1,5
- II - / 1,5

Поправочные коэффициенты села Амангелди: для продажи /для налогообложения

- I - 1,4/ 1,4

Поправочные коэффициенты села Карасу: для продажи /для налогообложения

- I - 1,3/ 1,3

Поправочные коэффициенты села Шұбарши: для продажи /для налогообложения

- I - 1,3/ 1,3

Поправочные коэффициенты села Амангелди, села Шұбарши и села карасу: для продажи /для налогообложения


- I - / 1,2

Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки для целей продажи и налогообложения и границы оценочных зон на землях населенных пунктов села Коптогай, села Амангелди, села Шұбарши и села Карас в границах Коптогайского сельского округа Уилского района

| Код учетного квартала | Незоны | Границы оценочных зон | Площадь, га | коэффициенты | |
|-----------------------|--------|---|-------------|--------------|---------------------|
| | | | | для продажи | для налогообложения |
| 02-032-015 | I | село Коптогай | 186 | 1,5 | 1,5 |
| 02-032-015 | II | земли сельскохозяйственного назначения около села Коптогай | 13751 | - | 1,5 |
| 02-032-015 | I | село Амангелди | 70 | 1,4 | 1,4 |
| 02-032-015 | I | село Карасу | 76 | 1,3 | 1,3 |
| 02-032-015 | I | село Шұбарши | 113 | 1,3 | 1,3 |
| 02-032-015 | II | земли сельскохозяйственного назначения села Амангелди, села Шұбарши, села Карасу и села Коптогай на границе с Атырауской областью | 71956 | - | 1,2 |

Приложение 4 к решению Уилского районного маслихата от ___ 2020 года № ___

Схема границ оценочных зон и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки Уилского сельского округа Уилского района



Ақшатау ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,4/ 1,4
- II - - / 1,1

Екпетал ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I -1,5/ 1,5
- II - - / 1,5

Қаракемер ауылының түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - 1,4/ 1,4

Қаракемер ауылы және Ойыл ауылының батыстағы түзету коэффициенттері: сату үшін/ салық салу үшін

- I - - / 1,2
- II - - / 1,5

Поправочные коэффициенты села Ақшатау: для продажи /для налогообложения

- I - 1,4/ 1,4
- II - - / 1,1

Поправочные коэффициенты села Екпетал: для продажи /для налогообложения

- I -1,5/ 1,5
- II - - / 1,5

Поправочные коэффициенты села Каракемер: для продажи /для налогообложения

- I - 1,4/ 1,4

Поправочные коэффициенты села Каракемир и села Уил западной части: для продажи /для налогообложения

- I - - / 1,2
- II - - / 1,5

Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки для целей продажи и налогообложения и границы оценочных зон на землях населенных пунктов села Ақшатау, села Екпетал, села Каракемер и села Уил в границах Коптогайского сельского округа Уилского района

| Есептік кварталдаркоды | Аймақ № | Бағалау аймақтарының шекаралары | Аймақ ауданы, га | коэффициенттер | |
|------------------------|---------|--|------------------|----------------|-----------------|
| | | | | сату үшін | салық салу үшін |
| 02-032-011 | I | Ақшатау ауылы | 63 | 1,4 | 1,4 |
| 02-032-011 | II | Ақшатау ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 17481 | - | 1,1 |
| 02-032-011 | I | Екпетал ауылы | 12 | 1,5 | 1,5 |
| 02-032-011 | II | Екпетал ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 3524 | - | 1,5 |
| 02-032-011 | I | Қаракемер ауылы | 59 | 1,4 | 1,4 |
| 02-032-011 | II | Қаракемер ауылы және Ойыл ауылының батыстағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 11638 және 9647 | - | 1,2 |
| 02-032-011 | II | Ойыл ауылының ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер | 21467 | - | 1,5 |

| Код учетного квартала | Незоны | Границы оценочных зон | Площадь, га | коэффициенты | |
|-----------------------|--------|--|--------------|--------------|---------------------|
| | | | | для продажи | для налогообложения |
